

# СТ 180 ҚЫС

# Ceresit

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

**Ғимараттар мен құрылыстардың қасбеттерін жылыту кезінде көбікполистирол және минералмақта тақталарды жабыстыруға арналған құрғақ қоспа**

## ҚАСИЕТТЕРІ

- пайдалану уақыты созылған
- тамаша жұмыс қасиеттері мен созымдылығы
- минерал және органикалық негіздерге жоғары жабысулық
- жылдам қатаятын
- бу өткізбейтін
- $-5^{\circ}\text{C}$ -тан  $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейінгі температурада қолданылуы мүмкін

## ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Ceresit СТ 180 Қыс қоспасы ғимараттар мен құрылыстардың қасбеттерін жылыту кезінде көбікполистирол және минералмақта тақталарды жабыстыруға арналған. Ceresit СТ 180 Қыс қоспасын  $-5^{\circ}\text{C}$  төмен емес температурада пайдалануға болады. Ceresit СТ 180 Қыс қоспасын пайдалана отырып, жұмыстарды  $-5^{\circ}\text{C}$ -тан  $+15^{\circ}\text{C}$  дейін температурада орындау керек. Ceresit СТ 180 Қыс үшін ұсынымдар температура  $+2^{\circ}\text{C}$  және салыстырмалы ылғалдылық 70% болған кезде тиімді. Егер 3 тәуліктің ішінде температураның  $-5^{\circ}\text{C}$  төмен төмендеуі күтілсе, Ceresit СТ 180 Қыс қолдануын тоқтату керек.

## НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Негізді дайындау ҚНЖЕ 3.02.29-2004 және ҚНЖЕ 3.03.01-87 сай жүзеге асырылады. Негіз құрғақ әрі берік болуға тиіс, көзге көрінетін бұзылыстары болмау керек.

Көбікполистирол және минералмақта тақталарды жабыстыру алдында негіз шаңнан, ластан, май дақтарынан және ерітіндінің негізге жабысулығын төмендететін басқа заттардан тазартылады. Негіздің барлық берік емес жерлерін жойып, тиісті орындарды Ceresit СТ 17 астарымен өңдеу керек. Негіздің тегіс емес жерлерін, кірпіш қалауының тереңдігі 10 мм асатын тігістерін, жарықтарды Ceresit СТ 29 немесе Ceresit СТ 180 ерітінді қоспасымен толтыру керек. Су сіңіргіштігі (гигроскопиялығы) жоғары негіздерді Ceresit СТ 17 астарымен астарлап,  $+5^{\circ}\text{C}$  жоғары температурада жұмыстарды орындаған жағдайда оның толығымен кепкенінше (шамамен 4 сағат) ұстау қажет.



Қысқы мезгілде негіздің бетінде қырау, мұз бен қардың іздері болмауға тиіс. Негіз мұзға қатып кетпеуге тиіс.

## ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

Құрғақ қоспасына Ceresit СТ 180 Қыс қоспасына арналған таза су қосыңыз, судың температурасы  $+20^{\circ}\text{C}$  бастап  $+30^{\circ}\text{C}$  дейін, 1 кг құрғақ қоспаға 0,21-0,22 л су есебінен, және түйірлері жоқ тұтас массаны алу үшін саптамасы бар төмен айналымды бұрғының көмегімен араластырыңыз. Сосын ерітінді қоспасын 5 минут ішінде ұстаңыз, содан кейін қайтадан араластырыңыз. Ерітінді қоспасын 3 сағаттың ішінде пайдалануға болады.

**Көбікполистирол және минералмақта тақталарын желімдеу**

Ерітінді қоспасы тақтаның бүкіл бетіне тісті өлшемі 10 x 10 мм тісті қалақшамен жағылады. Ерітінді қоспасын жаққаннан кейін тақтаны бірден жоба күйіне орнатып қысу керек. Қысқан кезде салынатын күш ерітінді қоспасы негіз бен тақтаның бүкіл беті бойынша таралатындай болуға тиіс. Тақталарды бір біріне, бір жазықтықта, тік тігістерінің сәйкес келуіне жол бермей, тығыз жабыстыру қажет. Тігістердің ені 2 мм аспауға тиіс. Ерітінді қоспасының қалдықтарын қалақшаның көмегімен жою қажет.



Качество для Профессионалов

Жабыстырғаннан кейін 3 тәулік өткенде көбікполистирол және минералмақта тақталарды қасбеттік дюбельдермен қосымша механикалық бекітуін бастау қажет және арматураланған қорғайтын қабатты құруға кірісу қажет. Қысқы мезгілде көбікполистирол және минералмақта тақталарды қасбеттік дюбельдермен қосымша механикалық бекітуін және арматураланған қорғайтын қабатты құруына тақталарды жабыстырғаннан кейін 6 тәулік өткеннен кейін бастау керек. Қорғайтын қабатты жылуоқшаулау жүйесінде құру Ceresit CT 190 Pro немесе Ceresit CT 190 Қыс көмегімен орындалады.

## ЕСКЕРТУЛЕР

Ceresit CT 180 Қыс пайдаланып жұмыстарды +5 °С - +15 °С температурада орындау керек. Ceresit CT 180 Қыс үшін ұсынымдар температура +2 °С және салыстырмалы ылғалдылық 70% болған кезде тиімді. Егер 3 тәуліктің ішінде температураның -5 °С төмен төмендеуі күтілсе, Ceresit CT 180 Қыс қолдануын тоқтату керек.

Басқа жағдайларда ерітінді қоспасының қабықтану, қатаю уақыты өзгеру мүмкін. **Ceresit CT 180 қоспасының құрамында цемент бар және ол сумен әрекеттескен кезде сілтілі реакция береді, сондықтан онымен жұмыс істеген кезде көз бен теріні қорғау қажет. Қоспа көзге түскен жағдайда оны дереу сумен жуып дәрігерге көріну керек.**

## ҰСЫНЫСТАР

Ceresit CT 180 және Ceresit CT 180 Қыс қоспаларын қолдану туралы берілген ақпараттан басқа, олармен жұмыс істеген кезде Ceresit бекітілген жылу оқшаулау жүйесін құруға типтік технологиялық картаны және қолданыстағы нормативтік құжаттарды басшылыққа алу керек.

Материалды осы техникалық сипаттамада және Ceresit жылыту жүйесін құруға типтік технологиялық картада қарастырылмаған жағдайларда қолданған жағдайда сынамалы сынақты өз күшімен жүргізу немесе өндірушінің кеңесін алу үшін оған хабарласу керек.

## САҚТАУ

Фирмалық жабық қаптамасында құрғақ орынжайларда - қаптамада көрсетілген дайындалған күнінен 12 ай.

## КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Өнімнің қалдықтарын құрылыс қоқыс ретінде, ал қаптамасын тұрмыстық қалдықтар ретінде кәдеге жарату керек.

## ҚАПТАМА

Ceresit CT 180 Қыс қоспасы 25 кг қаптарға мөлшерлеп салынады.

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Құрамы:	минералдық толтырғыштары және органикалық түрлендіргіштері бар цемент қоспасы
Ерітінді қоспасын дайындауға арналған су шығыны:	5,75–6,25 л су 25 кг Ceresit CT 180 Қыс қоспасына
Ерітінді қоспасын пайдалану уақыты:	кем дегенде 180 минут
Түзету уақыты:	кем дегенде 10 минут
Ерітінді қоспасын қолдану температурасы: - Ceresit CT 180 Pro Қыс:	5°C-тан +15°C-қа дейін
Пайдалану температурасы:	-50 °C-тан +70 °C-қа дейін
Негізбен тұтасу беріктігі (ауа-құрғақ шарттары)***:	шамамен 0,8 МПа
Аязға төзімділігі:	кем дегенде 50 цикл
Құрғақ қоспаның шығыны (тақталарды желімдеу)**:	4,5-6 кг/м <sup>2</sup>
Қатқан ерітіндінің аязға төзімділігі:	кем дегенде 100 цикл (F100)
Пайдалану температурасы:	-50-ден +70 °C-қа дейін
CT 180 «Қыс» құрғақ қоспасының шығыны: тақталарды бекіткен кезде негізгі қабатын	6,0 кг/м <sup>2</sup> дейін шамамен 6,0 кг/м <sup>2</sup>

\*\*Өнімнің шығыны негіздің тегістігіне және орындаушының дағдыларына байланысты.

\*\*\* Орташа өлшенген көрсеткіш Өндірушінің деректеріне сәйкес.

## ӨНДІРУШІНІҢ КЕПІЛДІКТЕРІ

Өндіруші Ceresit CT 180 Қыс қоспасының осы сипаттамада келтірілген тасымалдау, сақтау, дайындау және жағу ережелерін орындаған кезде көрсетілген техникалық сипаттамаларға сәйкестігіне кепілдік береді. Өндіруші материалды дұрыссыз пайдалану үшін, сондай-ақ оны осы нұсқаулықта қарастырылмаған мақсаттарда және шарттарда қолдану үшін жауапкершілік көтермейді. Осы техникалық сипаттама пайда болған сәттен бастап барлық алдағы сипаттамалар жарамсыз болады. Наразылықтар мен шағымдарды Өндіруші қабылдайды.

